https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.2.265.269

Гүлжанат Озғанбайқызы Байсариева
[1]Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі,
Шәуілдір, Қазақстан; baisary.gyljanat@mail.ru

С.М. Ақынжановтың Отырар археологиясына қатысты зерттеулері

Мақалада XX ғасырдың екінші жартысындағы белгілі ғалым, Қазақстан археология ғылымының көрнекті өкілі С.М. Ахинжановтың ортағасырлық Отырар археологиясының әртүрлі мәселелерін зерттеудегі қызметі қысқаша сипатталған. Ғалымның өмірі мен ғылыми қызметі туралы айта отырып өткен ғасырдың 80 жылдарында ҚазМУ-дың тарих факультетінде «Қазақстанның ортағасырлық көшпенділердің ескерткіштері» атты тақырыбындағы лекция курсын тыңдаған бір студенттің естелігі пайдаланылды. С.М. Ақынжановтың Отырарға қатысты керамикадағы таңбалар, жылыту жүйесі кен (кан), «Отырар ойраны» туралы, археологиялық қазба орындары туралы мақалалары аталады.

Түйін сөздер: археология, Отырар, қазба, ортағасыр, экспедиция

Гулжанат Озганбаевна Байсариева
Отрарский археологический заповедник-музей,
Шаульдер, Казахстан

Исследования С.М. Ахинжанова по археологии Отрара

В статье дана краткая характеристика деятельности известного ученого, видного представителя археологической науки Казахстана второй половины XX века С.М. Ахинжанова по исследованию различных вопросов археологии средневекового Отрара. В ходе написания статьи о жизни и деятельности ученого использованы воспоминания одного из студентов исторического факультета КазГУ, которым в 80-е гг. прошлого века С.М. Ахинжанов читал курс лекции «Памятники средневековых кочевников Казахстана». Рассмотрены исследования ученого в изучении тамг на керамической посуде, отопительной системы типа кан, «Отрарской катастрофы», о раскопках на различных объектах Отрара.

Ключевые слова: археология, Отрар, раскопки, средневековье, экспедиция

Gulzhanat Baisariyeva
Otrar State Archaeological Reserve-Museum,
Shaulder, Kazakhstan

Research by S. Akhinzhanov on the archaeology of Otrar

The article provides a brief description of the activities of the famous scientist, a prominent representative of the archaeological science of Kazakhstan in the second half of the twentieth century, S. Akhinzhanov, on the study of various issues of the archaeology of medieval Otrar. In the course of writing an article about the life and work of the scientist, the memoirs of one of the students of the historical faculty of Kazakh State University, to whom S. Akhinzhanov gave a lecture course “Monuments of medieval nomads of Kazakhstan” in the 80s of the last century, were used. The research of the scientist in the study of tamga on ceramic dishes, a heating system of the kan type, about the “Otrar catastrophe”, about excavations at various sites of Otrar is considered.

Keywords: Archaeology, Otrar, excavations, Middle Ages, science, expedition

© 2023 г. Байсариева Г.О.

Қазақстан аумағындағы тарихи ескерткіштерді, археологиялық нысандарды зерттеп тану, сол арқылы отан тарихын қалпына келтіріп ұрпаққа таныту бағытында археологтар елеулі еңбек етті. Олардың қатарында Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович, С.М. Ақынжанов, басқа да ғалымдар болды.

Сержан Мұсатайұлы Ақынжанов 1939 ж. қыркүйек айының 3 жұлдызында Алматы қаласында қазақтың белгілі жазушысы Мұсатай Бекболатұлы Ақынжановтың отбасында дүниеге келді. Әкесі Ұлы Отан соғысы ардагері, түрлі комсомол мен партия қызметтерінде, республикалық баспасөзде жұмыс атқарған, бірнеше тарихи және әдеби тақырыптарда кітаптар, пьесалар жазған жазушы, «Қазақ халқының шығуы және қалыптасуы» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, кітап шығарған, С.М. Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетінің деканы болған азамат.

Сержан Мұсатайұлының осындай зиялы ортада өсіп жетілуі оның жастайынан ғылым-білімге, қазақ халқының тарихына қызығушылығын туғызды десек қателеспейміз. С.М. Ақынжанов орта мектеп бітірген соң 1957 ж. Алматы қаласындағы С.М. Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп студенттер қатарына қабылданды. Төртінші курстан бастап 1961 ж. Мәскеу қаласында М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетте тарихшы-археолог мамандығы бойынша жоғары білімін жалғастырды. Диплом жұмысының жетекшісі белгілі археолог Л.Р.Кызласов болды. С.М. Ақынжанов 1964 ж. тарих факультетін үздік бітіріп шыққандар қатарында аяқтады [Кузнецова 2014: 80].

1964 ж. Қазақ ССР ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты аспирантурасына қабылданады. Академик Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен қыпшақтар тарихы тақырыбында ғылыми ізденістер жүргізе бастады [Смагулов 1992: 299–300].

Аспирантураны аяқтаған соң С.М. Ақынжанов аталған институттың «ортағасырлық тарих» бөліміне жұмысқа қабылданып; 1969 жылы археология бөліміне ауысады. Сол кезде Отырарда стационарлық зерттеу жұмыстар басталып С.М. Ақынжанов қазба жұмыстарына тартылады. Көптеген жылдар бойы ол Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының бір тобын басқарды [Савельева 2019: 37–45].

1973 ж. «XI–XIII ғғ. қыпшақтар және олардың Хорезммен саяси қарым-қатынасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. 1977 ж. бастап Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына археология бөлімінің аға ғылыми қызметкері болып қызмет етті.

Осы жұмыстармен қоса С.М.Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетінде археология мен этнографиядан маманданған студенттерге «Ортағасыр көшпелілері ескерткіштері» атты арнайы курс оқыды. Аталған университетте жоғары білім алған М.Б. Қожа С.М. Ақынжановтың лекциясын тыңдаған екен. М.Б. Қожа естелігінен «Мен кеңестік дәуірде оқыдым. Археология мен этнография саласы бойынша арнайы лекциялар тек 3 курста басталатын еді. Оған дейін тек жалпы тарих пәндері оқытылды. Археология мен этнографияға маманданған студенттер бар жоғы алты-жеті ғана болатын. Көп студенттің арманы коммунистік партия тарихы болатын. Себебі осы тақырыпта маманданғандардың қызметтері тез өсіп түрлі партия мен басқа билік құрылымдарда қызмет жасайтын. 1983 ж. Қазақ ССР-ның ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының мықты мамандары дәріс берді. Антрополог Оразақ Смағұлұлы, этнограф Халел Арғынбаев, археологтар Сержан Ақынжанов пен Әлішер Ақышев оқыған лекциялар аса тартымды еді. Әлішер Ақышев 3–4 апта ғана керемет дәріс оқыды да одан кейін, өкінішке орай, сабаққа келмей қойды... Ал Әлішер Ақышевтен басқалары өз дәрістерін толық беріп шықты. Сержан Мұсатайұлы курсы болашақ археологқа аса қажет ортағасырдағы көшпелілер тарихына, археологиясына арналған еді. Лекция оқу барысында тарихи мәселелер қарастырылып оны зерттеген ғалымдар қандай нәтижелерге жеткені, қандай деректерге сүйенгені қатар баяндалатын. Ол көне түркілерден бастап Қазақ хандығы дәуіріне дейінгі кезеңді қамтыды. Қазақстан аймағындағы көне түркі обаларының ерекшелектерінен бастап XIV–XV ғғ. жерлеу рәсімдері археологиялық материалдар негізінде баяндалды. Әрине қыпшақтар мәселесі терең қаралды. Қыпшақтардың шығу тегін тануда қытай деректері, оларды Кляшторныйдың талдауы айтылатын. Археологиялық деректермен қоса оқытушы жазба деректердегі ақпарларды пайдаланып, тарихи үрдістерді терең ашатын. Көне түркілерге, қыпшақтарға қатысты тарихнамаға шолуы қызық болатын. Ғалымдардың еңбектерімен қоса олардың жеке өміріне қатысты кейбір көпшілікке беймәлім жағдайлар айтылатын. Сержан Мұсатайұлы Әлкей Марғұлан мен Лев Гумилевті жиі айтатын. Бір қызығы, нақты таратпай ғалымдардың көзқарастары үшін



1-сур. К.А. Ақышев, С.М. Ақынжанов, К.М. Байпақов Отырардан табылған ыдыс туралы пікір алмасуда, 1973 ж.
Fig. 1. K. Akishev, S. Akhinzhanov, K. Baipakov discussing a vessel from the excavations of Otrar, 1973
Рис. 1. К.А. Акишев, С.М. Ахинжанов, К.М. Байпаков в процессе обсуждения сосуда из раскопок Отрара, 1973 г.

құдалауға ұшырағанын қысқа бір екі сөзбен жеткізетін. Сержан Мұсатайұлы Мәскеуге барғанда атақты түркітанушы Лев Гумилевпен жолыққанын еске алатын. Гумилев кітап сыйлағанда Лев деп қол қоюдың орнына Арыстан деп жазатынын, «Көне түркілер» деген кітапты бауырлас түркі халықтарына арнадым деп жазған екен. Сол айтқандары есімде. Курс оқу барысында сұрақ-сауал арасында Мәскеу мен Алматы ғалымдары арасында қандай айырмашылық бар деген-де Алматыдағы кейбір әріптестер мерекелеуге құмар, ал Мәскеуге ғылыми сапармен барсаң басқа ғылыми ортаға – терең ізденісте жүрген ғалымдарға тап болатынын және оларды көріп өзің де шабыттанасың, – деген әңгімесі есімде. Кейін университет тамамдаған соң да ұстазымызбен жолығып тұрдым, ғылыми жұмыстарыма бағыт – бағдар алып тұрдым» – деп естелігімен бөлісті археолог М.Б. Қожа.

С.М. Ақынжанов Оңтүстік өңірдегі археологиялық ескерткіштерді зерттеу барысында табылған тың материалдар негізінде Қазақстан археологиясының теориялық мәселелерін қарады, жаңа тұжырымдар мен болжамдар ұсынды. Солардың бір шоғыры мәдени-этникалық мәселелер болатын.

Кемел Ақышев басшылық еткен ОҚКАЭ-сы 1971 ж. Отырартөбеде кең көлемде аудандарды ашу тәсілімен қазба жұмыстарын бастады. Алты жыл ішінде, 1971-1976 жж. қаланың XVI–XVIII ғғ. жататын шамамен 7 га ауданы, яғни, кейінгі ортағасырлық Отырардың үштен бір бөлігі аршылды. Бұл ОҚКАЭ–ның мүшелеріне Отырар археологиясы мен тарихи мәселелерді терең зерттей түсуіне жол ашты.

1970 ж. С.М. Ақынжанов пен Л.Б. Ерзакович Отырар және Оңтүстік Қазақстан қалаларын қазу барысында үй ішін жылытатын пеш кеніне (кән) назар аударды. Олардың Отырарда VII–VIII ғғ. бастап кездесе бастайтынын және олар ең алғаш рет сонау ғұн, бохай, қидан, монғол үйлерінде, ортағасырда Жетісу елді мекендерінде кездесетініне назар аударып Қазақстан мен Орта Азия аймағына келуін қимақтармен байланыстырады. Кейін Алтын Орда қалалары мен қыстауларында табылған кәндарда Сырдария аумағынан таралуы мүмкін деген бол-

жам айтады. Себебі олар тек қалалардан ғана емес қыстаулардағы жеркепелерден де табылып отыр. Оларды қимақ-қыпшақты топтар ала баруы мүмкін деген болжам айтады зерттеушілер [Ахинжанов, Ерзакович 1972: 64–69].

Отырардың керамикалық ыдыстарындағы таңбалар археологтар назарына ілігіп, әртүрлі тұрғыдан зерттелді. «Ежелгі Отырар» кітабының авторлары бұл белгілер шебердің руын көрсететін таңба немесе осындай таңба қойылған ыдыс керамикалық шеберхананың иесінің тегін белгілейді, – деген болжам айтқан болатын [Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972: 200]. С.М.Ақынжанов осы жорамалды тереңдете отырып, үш жыл бойы жүргізілген қазба жұмыстарының барысында Отырартөбеден, Созақтан, Күлтөбеден, Жалғызтамнан табылған XVI–XVIII ғғ. жататын ыдыстардағы таңбалар қалай салынған, қай жеріне түсірілген, қандай үлгіде деген сұрақтарға терең назар салып зерттейді. Оларды қазақтың ру-тайпа таңбаларымен салыстыру жүргізді. Ортақ белгілер тауып кейбірі қазақ руларының таңбаларына жақын екеніне назар салады. Осымен қатар керамикадағы белгілер ертеорғасырлық керамика беттерінде кездесетінін айта кетеді. Мәселені жан жақты талдай келе таңбалар ыдыс-аяқ шығарған керамикалық шеберханалардың жеке руға, не ру көсеміне бағынышты болуы ықтимал деген де пікір айтты. Осымен қатар шебердің жеке руын көрсететін белгі болуы да мүмкін екені зерттеуде көрсетіледі [Ахинжанов 1975: 49–59].

С.М. Ақынжанов басшылығымен 1980 ж. Отырар рабадында XIII–XV ғғ. жататын керамикалық шеберхана орындары зерттеле басталды. Қазақстанның ортағасыр археологиясында мұндай құмырашылар орамы алғаш табылып қазыла бастаған болатын. Мәскеу қаласында басылатын «Археологиялық ашылымдарда» қазба барысында табылған өндіріс орындары, пештер, тұрғын үй қалдықтары және олардың мерзімденуі жөнінде С.М. Ақынжановтың хабарламасы жарияланды [Ахинжанов 1981: 431].

Отырар тақырыбындағы С.М. Ақынжановтың соңғы мақаласы монғол әскерлерінің Отырарға келуі және оларға қарсы Қайырхан әскерлерінің ұрыс-қимылы туралы болды. Отырар тарихындағы осы аса маңызды оқиға археологиялық деректерде көрініс таппаған. Жалпы қалалық өрт іздері археологиялық қазба барысында әлі табылған жоқ. Сондықтан зерттеуші 1219–1222 жж. Отырарда болған оқиғаларды тек жазба деректер: Нисави, Джувайни, Рашид ад-Дин жылнамалары негізінде қарастырады. Отырардың басқа Орта Азия қалаларымен салыстырғанда үлкен қарсылық көрсетуін С.М.Ақынжанов Отырар тұрғындары ішінде түркілердің, қыпшақтардың көп болуымен түсіндіреді [Ахинжанов 1984: 54–56].

С.М. Ақынжанов 1984 ж. бастап археологиялық технология лабораториясының меңгерушісі болып жұмыс істеді. Ол ортағасырлық көшпелілерді танудың ғылыми теориялық негіздерін белгіледі. Бұл саладағы жұмыс нәтижелері оның монографиялық еңбектерінде көрініс тапты. 1982–1986 жж. аралығында Шығыс Қазақстандағы Шүлбі археологиялық экспедициясы мен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыстарын басқарды. 1989 ж. Германиядағы Ганноверде өткен халықаралық «Еуразия далаларының көшпенділері» атты көрмеде Қазақстанның тарих ғылымының жетістіктерін таныстырды. С.М. Ақынжанов Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен археологиясына қатысты 50 шақты ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеу жұмыстарының авторы.

С.М. Ақынжанов негізінен ортағасырлық көшпелілер маманы болып осы бағытта көптеген іргелі зерттеулер жүргізді. Отырар ғалымның тікелей зерттеу саласы болмаса да ортағасырлық қалаға қатысты ғылыми зерттеулерінде біртоп жаңа ойлар айтып болжамдар жасады, Отырардың бірнеше археологиялық нысандарын қазуға атсалысты.

ӘДЕБИЕТ

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алма-Ата: Наука, 1972. 214 с.

Ахинжанов С.М. К вопросу о знаках на керамике позднесредневекового Отрара // Древности Казахстана / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1975. С. 49–59.

Ахинжанов С.М. Раскопки гончарной мастерской на рабаде Отрара // Археологические открытия 1980 года / Отв. ред. Б.А. Рыбаков. М.: Наука, 1981. С. 431.

Ахинжанов С.М. Из истории обороны Отрара (1219-1220 гг.) // Памятники истории и культуры Казахстана. Сб. Центр. совета Каз. о-ва охраны памятников истории и культуры. Алма-Ата: Казахстан, 1984. С. 54–56.

Ахинжанов С., Ерзакович Л. К вопросу о происхождении канов на Сырдарье // Известия АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1972. № 2. С. 64–69.

Кузнецова О.В. Южно-Казахстанская комплексная археологическая экспедиция. Научные биографии участников и библиография исследователей. Алматы: ИА КН МОН РК, 2014. 252 с.

Савельева Т.В. Ахинжанов Сержан Мусатаевич: к 80-летию со дня рождения // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2019. № 3 (5). С. 37–45.

Смагулов Е. Памяти Сержана Мусатаевича Ахинжанова // РА. 1992. № 3. С. 299-300.

REFERENCES

Akishev, K. A., Baipakov, K. M., Erzakovich, L. B. 1972. *Drevniy Otrar (Ancient Otrar)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ. (in Russian).

Akhinzhanov, S. M. 1975. In: Akishev. K. A. (ed.*). Drevnosti Kazakhstana (Antiquities of Kazakhstan)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 49–59 (in Russian).

Akhinzhanov, S. M. 1981. In: Rybakov, B. A. (ed.). *Arkheologicheskiye otkrytiya – 1980 (Archaeological Discoveries – 1980).* Moscow: “Nauka” Publ., 431 (in Russian).

Akhinzhanov, S. M. 1984. In: *Pamyatniki istorii i kultury Kazakhstana (Monuments of history and culture of Kazakhstan)*, Alma-Ata: “Kazakhstan” Publ., 54–56 (in Russian).

Akhinzhanov, S., Erzakovich, L. 1972. In: *Izvestiya AN KazSSR. Ser. obsch. nauk (News of KazSSR Academy of Sciences. Series of Social Sciences)*, 2, 64–69 (in Russian).

Kuznetsova, O. V. 2014. *Yuzhno-Kazakhstanskaya kompleksnaya arkheologicheskaya ekspeditsiya. Nauchnye biografii uchastnikov i bibliografiya issledovateley (South Kazakhstan comprehensive archaeological expedition: scientific biographies of participants and bibliography of researchers)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).

Savelieva, T. V. 2019. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 3 (5), 37–45 (in Russian).

Smagulov, E. 1992. In: *Rossiyskaya arkheologiya (Russian Archaeology)*, 3, 299–300 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 01.04.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.05.2023.